

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Алматы облысы, Талдықорған қаласы

## **АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА**

«КЕМЕЛТАНУ»

(Кемел Тоқаев шығармаларын оқыту үшін жалпы орта білім беретін  
мектептің 10-11 сыныптарына арналған)

**Авторы**

*Исаева Светлана Нургазыевна*  
*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,*  
*«педагог-шебер»*

Талдықорған, 2021ж.

ӘӨЖ 371.214  
КБЖ 74.202  
И 83

Алматы облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік  
орталығының кеңесімен мақұлдаған  
(14 қаңтар 2021 ж. 1 хаттама)

**Рецензенттер:** І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы М.Имангазинов Алматы қаласы «№15 гимназия» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, жоғары санатты мұғалім, педагог-зерттеуші Нусупова Р.М.

**Исаева С.Н.**

И 83 **«Кемелтану» арнаулы курсы.** Талдықорған: Алматы облыстық білім берудегі дамыту оқу-әдістемелік орталығы, 2021. – 33 б.

Ұсынылып отырған авторлық бағдарлама жалпы білім беретін мектептің 10-11 сыныптардың білім алушыларын соғыс ардагері, жазушы, драматург, прозашы, Ұлы Отан соғысының I және II дәрежелі ордендерінің екі мәрте «Ерлігі үшін» медалінің басқа да марапаттардың иегері, көркемсөз зергері, қазақ детектив жанрының атасы, қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік қолтаңбасын қалдырған Кемел Тоқаевтың шығармашылығына арналған.

ӘӨЖ 371.214  
КБЖ 74.202

ISBN 978-601-276-800-8

Алматы облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы, 2021

## АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті ұстаздар қауымы! Ұсынылып отырған авторлық бағдарлама жалпы білім беретін мектептің 10-11 сынып оқушыларын соғыс ардагер, жазушы, драматург, прозашы, Ұлы Отан соғысының I және II дәрежелі ордендерінің, екі мәрте «Ерлігі үшін» медалінің басқа да көптеген марапаттардың иегері, көркемсөз зергері, қазақ әдебиеті тарихында өзіндік қолтаңбасын қалдырған Кемел Тоқаевтың өмірімен және шығармашылығымен таныстыруға арналған. Бағдарламаның мазмұны жас буынды, біріншіден, ұлттық құндылықтарды қастерлеуге және дәріптеуге баулуды, екіншіден, отансүйгіштікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеуді, үшіншіден, қаламгердің сөз саптауы мен көркемсөз үлгілерін талдау арқылы ана тілі мен әдебиетіне деген құштарлығын оятуды, көркем сөйлеуге үйретуді көздейді. Білім мазмұны арқылы білім алушылардың өз өлкесінің тарихын, белгілі тұлғаларын танып білуге деген талабын оятады.

Авторлық бағдарлама «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының «Туған жер» бағытын жүзеге асыру және жас ұрпақты ұлттық құндылықтарды, тарих пен әдебиетті қадірлеуге тәрбиелеу мақсатында құрылған.

Бағдарламаның түсінік хатында авторлық бағдарламаның өзектілігі, мақсаты, міндеті, ғылыми жаңалығы, зерттеудің теориялық, практикалық маңызы, әдістері, күтілетін нәтижелер, білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар берілген.

Жалпы білім беретін мектептердің 10-11-сыныптарына арналған курс 68 сағатты қамтып, әр сыныпқа аптасына 1 сағат, оқу жылына 34 сағатты құрайды. Бағдарламада ғылыми-дидактикалық талаптарға сай дайындалған түрлі әдіс-тәсілдер, соның ішінде жобалап оқыту, инновациялық, конструкциялық жобалау технологиялары қамтылған.

10-сыныпқа арналған бағдарлама білім алушыларын жазушының өмірімен; «Солдат соғысқа кетті», романымен, «Түнде атылған оқ», «Тасқын», «Көмескі із», «Сарбағанда болған оқиға» повестерімен таныстыруға бағытталған. Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған туындылармен таныстыру арқылы патриоттық тәрбие беру мақсатында «Майдангер жазушы» конференция сабағын, «Солдат соғысқа кетті» романымен таныстыру барысында ерлік сабағын, сонымен қатар білім алушылардың өз ойын ашық айту, жазбаша түрде жеткізе білу біліктерін қалыптастыру мақсатында «Кейіпкермен сырлаасу, хат жазу» атты шығармашылық жұмысты қамтитын сырласу сабағы сабағын; «Қазақ детективінің атасы» практикалық жұмысы барысында білім алушылар өздерінің жобаларын қорғауы; «Көмескі із» повесін әдеби талдау, зерттеу сабағын өткізу қарастырылған.

11-сыныптың кіріспе сабағы жазушының еңбек жолымен және марапаттарымен таныстыруға бағытталған. Білім алушылардың реферат жазу

және оны қорғау біліктерін жетілдіру мақсатында «Кемел Тоқай мұрасы-ұлттық құндылығымыздың көзі» атты сабақ; эссе жазу дағдыларын ұштау мақсатында «Мен таныған жазушы» атты сырласу; постер, модель қорғауға бағытталан «Менің кейіпкерім...» сабағы қарастырылған. «Таудағы жаңғырық», «Таңбалы алтын», «Қыс қарлығашы» повестерімен, «Ұясынан безген құс», «Соңғы соққы» романдарымен танысу барысында эссе жазу, модель қорғау дағдыларын жетілдіру, «Өнер жарысы» атты практикалық жұмысын, «Ең қызықты оқиға ...», «Кім тапқыр», «Жауынгерге хат» шығармашылық жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Сонымен қатар мектеп түлектерінің өз ойын еркін жеткізе білу біліктерін жетілдіру мақсатында «Ұлылар үндестігі» атты практикалық жұмыс, «Ойлы қалам...», «Көркемсөздің хас шебері» шығармашылық жұмыстары жоспарланған.

«Кемелтану» авторлық бағдарламасы туған өлкенің тарихи тұлғалары мен белгілі қоғам қайраткерінің өңірден шыққан белгілі ақын-жазушылардың өмірімен және шығармашылығымен таныстыру үшін «Өлкетану» курсы аясында, сонымен қатар жазушының туған өлкесіндегі мектептерде оқу жоспарында берілген вариативтік компонент сағаттарының есебінен факультатив немесе элективті курс өткізу ұсынылады.

Қадірлі ұстаздар, шығармашылық ізденістеріңізге сәттілік тілеймін!

*Құрметпен, жоба жетекшісі, кемелтанушы*  
**Бақтығали Айжігітов**

## Түсінік хат

Майдангер жазушы, драматург, прозашы, Бірінші және Екінші дәрежелі «Отан соғысы» орденінің және екі мәрте «Ерлігі үшін» медалінің иегері, «Сталинградты қорғағаны үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысқаны үшін», тағы басқа да көптеген төсбелгі, марапаттарға ие болған көркем сөз зергері Кемел Тоқаев туралы авторлық бағдарлама тұңғыш рет жазылып, сіздердің назарларыңызға ұсынылып отыр.

Әдебиет тарихында, сөз өнері атты ғажайып әлемде өзіндік ізі мен қолтаңбасы айырықша кестеленген жазушы, «Қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының атасы» атанған Кемел Тоқаев - шоқтығы биік туындыларымен оқырмандарын баурап алған хас талант, дарын иесі.

«Кемел Тоқаев — қазақ жазушыларының ішіндегі оқырманы ең көп қаламгерлерлердің бірі болды. Өзі таңдап алып, негізін қалаған детективтік жанрда алдына жан салған жоқ», -деп Ә.Нұршайықов жазғандай [1, 381], қазақ әдебиетінің тарихында бұрын-соңды болмаған детектив жанрының негізін қалап, оны жоғары дәрежеде оқырмандарының сезім пернелеріне жеткізе білген жазушының таланты өз заманында-ақ еліміздің кеңістігінен асып, әлем жұртшылығын да мойындатқаны шындық.

«Кемелдің үлкен жүректі азамат, шынайы талант иесі екенін украиналықтар да мойындаған болатын. Сонау сұрапыл жылдардағы әдебиет майданының жауынгері, одан кейінгі жылдардағы әдебиет майданының майталман өкілдерінің бірі –Кемел Тоқай жазушылық кемел шағында дүниеден өтіп еді. Оның қалдырған мол мұралары әдебиетіміздің телегей-теңіз шалқарына қосылған рухани байлық екені даусыз», -деген халық қаһарманы Қасым Қайсенов [5, 8].

Ғасырларда сирек туатын тума талант иесі Кемел Тоқаевтың өмірі мен еңбек жолы, шығармашылық ізденісі, артына қалдырған мол мұрасы бағдарламаның құрылуына негіз болды. Авторлық бағдарламада «Кемел Тоқаевтың шығармалары - ұлттық құндылығымыздың көзі» ретінде ұстаным ете отырып, жеке тұлғаны рухани дамыту көзделді. Сондай-ақ, жазушының өмір жолын, ерен жемістерге жетелеген еңбек жолын, маңдай термен қол жеткізген жетістіктерін бүгінгі жас ұрпаққа үлгі ете отырып, жеке тұлғаны тәрбиелеудің түп қазығына айналдыру кезек күттірмейтін мәселе деп сенеміз.

XXI ғасыр – рухани жаңғыру ғасыры, ұлттық құндылықтарымыз бен мәдени мұраларымызды дәріптеу, жаңғырту ғасыры. «Мәдени мұраларды жүйелеп, оларды қалпына келтіру, сақтау, одан әрі дамыту ісіне кең көлемде білек түре кірісетін кез келді. Ұлттық мәдениетімізді ұлықтап, бар мен жоғымызды түгендеп, жүйелеп, келер ұрпаққа аманат ету – «Мәдени мұра» бағдарламасының басты мақсаты болуы тиіс», -деп болашақ ұрпақты тәрбиелеуде ұлттық мәдени мұраның мүмкіндігі мен мақсаты айқындалынып берілген болатын [2, 13 ]. Осыған байланысты білім беру ордаларының қай саласында болмасын туған жерге деген сүйіспеншілікке баулуда ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізу, патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте

туған жердің тарихын оқудан көрініс тапқаны сөзсіз. Осыған орай, білім мекемелерінде ұлттық құндылықтарымызды жаңғырта отырып, халықтық педагогика негізінде білім беруде арнайы іс-шаралар жасалып, ел мен жер тарихын жетік білу барысында бірталай нәтижелі шаралар жүзеге асырылып келеді. Әрбір өлкенің жас ұрпаққа үлгі болар біртуар перзенттері бар. Солардың қатарында қазақ жазба әдебиетінің жаңа детектив жанрын қалыптастыруда толассыз қалам тербеп, үздік туындылар берген көрнекті көркем сөз зергерлерінің бірі — Кемел Тоқаев.

Авторлық бағдарлама «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақалалық бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «Туған жер» бағдарламасын негізге ала құрылды. Сонымен қатар «**Тәрбие және білім**» кіші бағдарламасын басшылыққа алып оқушылар мен жасөспірімдер арасында Кемел Тоқаевтың шығармашылығын кеңінен насихаттау үшін әзірленген.

Авторлық бағдарламада «XXI ғасырда нені оқыту керек?», «Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындайды?» [3, 6]. Осынау әлемдік білім стандартындағы көтеріліп отырған мәселелер басшылыққа алынып, бүгінгі білім жүйесіне еніп отырған жаңартылған бағдарламамен оқыту басшылыққа алынды.

Бағдарламада әсіресе, берілетін білім мазмұнын жаңалау, жаңғырту ісіне айрықша назар аударылды. Сондай-ақ, бағдарламаны жаңаша оқыту арқылы ұлттық құндылықтарымызды насихаттай отыра рухани тұлғаны дамыту, жан-жақты дамыған, алған білімін кез келген ортада қолдана алатын сындарлы ойлы, функционалды сауатты тұлғаны қалыптастыру, тұлғаның шығармашылық қабілетін жетілдіру сынды мақсаттар көзделіп отыр. Ең бастысы, қазіргі ақпараттық техниканың дамыған заманында әдеби шығармаларымыз арқылы ұлттық рухтағы, патриоттық сезімі оянған оқырман тәрбиелеу – заман талабы. Осы орайда, жас ұрпақты рухани тазалыққа, көркем әдебиетке, сөз өнеріне баулуда жазушының артына қалдырған мол мұрасының маңызы зор.

**Авторлық бағдарламаның өзектілігі.** Майдангер жазушы, драматург, прозашы, Бірінші және Екінші дәрежелі «Отан соғысы» орденінің және екі мәрте «Ерлігі үшін» медалінің иегері, «Сталинградты қорғағаны үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысқаны үшін», тағы басқа да көптеген төсбелгі, марапаттарға ие болған көркем сөз зергері Кемел Тоқаев туралы біраз естеліктер мен мақалалардан басқа іргелі зерттеулер жоқ. Сондықтан да қазақ әдебиеті тарихында «Қазақ детективінің атасы» атанған көрнекті сөз зергері, оқырмандарын баураған талантты да танымал жазушы, Ұлы Отан соғысының ардагері, қаламы қарымды қаламгер Кемел Тоқаев мұрасы арнайы зерттеуді қажет етеді.

«Кемел Тоқаев – даңққа бөленген солдат, қаламы жүйрік жазушы» [1,381]. Рухани асыл қазынамызға қосқан мол, өнегелі өмір жолы, еңбекқорлығы мен адами қасиеттері жас ұрпаққа үлгі болуға лайық тұлға.

Ерлігі мен қаламгерлігін егіз ұстанған майдангер жазушының қаламынан майданды жылдар соғыс тақырыбына бірнеше сүбелі

шығармалар жазылды. «Кемел Тоқаев – өзі өмір сүрген қоғамның қасіреті болған жат тірлікті шытырман оқиғаларға желі етіп, сабақ алар, салмақты мұра қалдырған дарын иесі еді. Оның қаламынан туған еңбектерінде отаншылдық рух, ұлттық патриотизм тайға таңба басқандай көрініп тұратын», -деп Мәткерім Әкімжанов жазғандай, сұрапыл тарихымызды, Ұлы Отан соғысы жылдардағы жауынгерлердің ерен ерліктерін шынайылықпен суреттеген жазушының шығармалары-халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы.

Жас ұрпақтың тәрбиесіне ықпал беретін «Кемелтану» бағдарламасы - қазіргі таңда жеке тұлғаны тәрбиелеуде қажетті тың ізденіс. Рухани жаңғыру заманында бүгінгі ұрпаққа өзінің тарихын, әдебиетін, мәдениетін танып, өлкеміздегі ұлы тұлғаларды біліп, тағылым алып өсу қажет. Осы орайда «Кемелтану» авторлық бағдарламасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «Туған жер» бағдарламасын негізге ала құрылып отыр. Авторлық бағдарлама жас ұрпақты ұлттық құндылықтарымызды, өзінің тарихы мен әдебиетін қадірлеуге баули отыра, ұлттық қазына, ұлттық рух мәселесін ұстаным етеді.

Бағдарламада Кемел Тоқаевтың соғыс тақырыптары мен детектив жанрларында жазған еңбектерін оқыту арқылы жас ұрпақты елжандылыққа, ұлтжандылыққа, патриотизмге баулу қарастырылды. Сондай-ақ, суреткерлік деңгейі биік, талғамы жоғары, көркем сөздің хас шебері Кемел Тоқаев шығармаларын бүгінгі ұрпаққа насихаттай отырып, елеулі еңбектері арқылы әдебиетке деген құлшыныстарын ояту, рухани жан-дүниелерін байыту - бүгінгі заманның талабынан туып отырған келелі міндеттер. Осы мақсат, міндеттерді орындауда жазушының өнегелі өмір жолы мен шығармашылық еңбектерінің маңызы зор әрі жас ұрпаққа үлгі болуға лайық.

Заман және уақыт талабына орай Кемел Тоқаевты жаңа қырынан тану, қаламгердің әрбір туындысын зерттей отырып, оқушылардың көркем сөзге деген құштарлығын оятып, жазушының стилін түсініп оқу, зерттеу – жұмыстың өзектілігін айғақтай түседі. Кемел Тоқаевтың артқы ұрпаққа қалдырған мол мұрасы қазіргі қоғамда рухани тұлғаны баулуға, оқушыларды сыныптан тыс уақыттарда көркем әдебиетке жетелеуге жол ашады. Тұңғыш рет жазылған авторлық бағдарлама «Кемелтану» - мектеп оқушылары мен мұғалімдер үшін қажетті құрал.

**Бағдарламаның мақсаты:** «Кемелтану» бағдарламасы арқылы қаламгердің шығармаларын терең таныту арқылы елжанды, халқымыздың әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары, білім, білік, дағдылармен қаруланған, түйген ойларын іс жүзінде өз кәдесіне жарата білетін, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты, терең ойлайтын жеке тұлғаны қалыптастыру.

**Осы мақсатты жүзеге асыруда төмендегідей міндеттер қойылады:**

- Жазушының өмірбаяндық тың деректерін жинақтау, соның негізінде қазақ әдебиетіндегі орны мен жазушылық болмысын зерттеу;
- Қазақ әдебиетінде алғаш детективтік жанрды әкелген қаламгердің шығармашылығының жәдігер туындылар екендігін таныту.
- Қаламгер шығармаларының көркемдік әлемін зерделеу, сұрапыл соғыс кезіндегі азаматтық көңіл-күйді, адамдар арасындағы қарым-қатынасы туралы жазған көзқарастарымен дәлелдеу;
- Қаламгердің шығармаларын саралап, шығармашылығындағы тұлға, «Толық адам» концепциясына қатысты өзекті мәселелерді айқындау.
- Қаламгердің шығармашылығын оқытудың технологиясын, сабақ үлгілерін ұсыну;
- Қаламгер шығармаларын оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері мен шығармашылық тапсырмалар жүйесін жасау;
- Жазушы шығармашылығы бойынша «Кемел оқулары», түрлі сайыстар, жазба жұмысының сайыстарын ұйымдастыру;
- Кемел Тоқаев өмірі мен еңбек жолы туралы зерттеулер жүргізу, ғылыми зерттеулер, жобалар жаздырту;
- Шығармашылық тапсырмалар, сабақ үлгілерінің жүйесінің тиімділігін эксперимент арқылы дәлелдеу.

**Бағдарламаның ғылыми жаңалығы:**

- Майдангер жазушы, драматург, прозашы, Бірінші және Екінші дәрежелі «Отан соғысы» орденінің және екі мәрте «Ерлігі үшін» медалінің иегері, «Сталинградты қорғағаны үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысқаны үшін», тағы басқа да көптеген төсбелгі, марапаттарға ие болған көркем сөз зергері Кемел Тоқаев туралы авторлық бағдарлама тұңғыш рет жазылып, ұсынылып отыр.
- «Кемелтану» авторлық бағдарламасы қаламгердің шығармаларын оқып, білудің өзектілігін, қазақ әдебиетінің мол мұрасы - қазақ өмірінің жиырмамыншы жылдарында тарихта орын алған оқиғалардың маңыздылығын ұғындырады;
- Бағдарламада: жазушының өмір жолынан, туып-өскен ортасы мен өмірлік мектебі, тәлім-тәрбиелік мәні бар повестері мен шығармаларына қойған биік мақсаттары, қазіргі замандағы өзекті мәселелер топтастырылып берілді;
- жазушының шығармашылығындағы тұлға болмысы, толық адам танымдарының идеялық-көркемдік ұстаным негізіндегі байламдарын байыпты бағдарлауға назар аударылды;
- Жазушының шығармаларын зерттеу, жинақтау, жариялау, насихаттау сынды игі істер, жұмыстар жүргізілді;
- Жалпы білім беретін мектептердің 10-11 сыныптарына «Кемелтану» авторлық бағдарлама құрылды;



-Қаламгердің шығармашылығын оқытудың технологиясы, сабақ үлгілері ұсынылды;

--Қаламгер шығармаларын оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері мен шығармашылық тапсырмалар жүйесі жасалынды;

-Жазушы шығармашылығы бойынша «Кемел оқулары», түрлі сайыстар, жазба жұмысының сайыстарын ұйымдастырылды.

**Зерттеудің нысаны.** Жұмыстың негізгі нысаны ретінде Кемел Тоқаевтың шығармалар жинағы, ол туралы жазылған естеліктер, ғылыми мақалалар, зерттеулер алынып отыр.

Зерттеудің нысанына 10-11-сынып оқушылары алынды.

### **Зерттеудің теориялық маңызы:**

Аталған мәселелердің шешімін табу үшін көптеген ғалымдардың, әсіресе прозалық шығармалардың стильдік, жанрлық мәселелеріне арналған ғылыми еңбектерін басшылыққа ала отырып, олардың ой-тұжырымдарына сүйендік. Сондай-ақ, Кемел Тоқаев туралы жазылған ғылыми мақалалар мен естеліктердің жазушы болмысын ашуда, қаламгерлік қырын танытуда маңызы зор болды. Атап айтсақ, К. Сәттібайұлы «Жауынгер, жазушы Кемел Тоқаев», А. Аханбайқызы «Әдебиеттің кемел тұлғасы», Алматы «Егемен Қазақстан», Қасым-Жомарт Тоқаев «Әке туралы ой - толғау», С. Досанов «Әлемдік деңгейдегі саяси қайраткер», Қ. Қарамандаев «Кемел десе, кемел еді», Ж. Дәуренбеков «Кемел Тоқаев шығармалары» 1-5 том т.б

### **Зерттеудің практикалық маңызы:**

Ұсынылып отырған авторлық бағдарламаны пән мұғалімдеріне, тәрбие жетекшілеріне, студенттер мен магистранттарға, ғылыми жобамен айналысам деуші оқушыларға пайдалануға болады.

### **Зерттеудің әдістері:**

- жұмыстың мақсат-міндеттеріне сәйкес ғылыми еңбектерді, естеліктер мен жәдігерлерді жинақтау, жүйелеу, ғылыми тұрғыда талдау жасау;

- жинақтау, топтау, дәлелдеу, әдеби талдау, жобалау, қорытындылау, сауалнама, интервью-сұхбат, бақылау, эксперимент арқылы нәтижесін шығару, қорытындылау - зерттеудің негізгі әдістері болып табылады.

### **Күтілетін нәтиже:**

«Кемелтану» авторлық бағдарламасын оқушылар терең түсініп, меңгергенде, төмендегідей жетістіктерге қол жеткізуге болады:

- Өзінің тарихын, әдебиетін, мәдениетін, ұлттық құндылықтарын қадірлейтін рухани тұлғалық қасиеттері артады;
- Туған өлкесіне, ондағы шыққан ұлы тұлғаларға деген құрмет, азаматтық сезімдері оянады;
- Еңбекқорлыққа, күрескерлікке, адамгершілік қасиеттерге талпынады;

- Пәнге деген қызығушылықтары оянады, артады.

**Курсты ұйымдастыру формасы:** дәріс, тәжірбелік сабақ, семинар, конференция, диалогтік алаң, дебат, ойталқы, кіріктірілген сабақ, саяхат сабақ, қойылым сабақ, рөлдік ойындар, жәрмеңке сабақ, іздендіру сабағы, жоба қорғау, модельдеу, жобалау т.б

**Курсты оқытуды аяқтау формасы:** түрлі шығармашылық сайыстарға қатысу, жазба жұмыстарын жаздыру, ғылыми жоба жаздыру және қорғату, мәнжазба, тезис, шығармаға рецензия жазғызу, баяндама, ой толғау т.б

**Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар  
10-11-сыныптардың соңында оқушылар:**

- 1) жазушы өмір сүрген уақытты және оның шығармаларын оқып, жадына тоқығандығын білуі;
- 2) жазушының өмір жолындағы қаламгер болып қалыптасу тарихын, кезеңдерін білуі;
- 3) жазушының өмір мен өлімнің айқасын сипаттау арқылы қылмыстық өмірдің қиындығын, соғыс кезіндегі – ел мен жер үшін күрескен тағдырлар тұлғасы дәуір мен деректің шындығы тақырыбында және сыншылдық көзқараста жазылған шығармаларының мән-мағынасын, маңызын түсінуі;
- 4) детективті жанр бағытында жазушының көркем сөздерінің маңыздылығын, мән-мағынасын түсінуі;
- 5) жазушының еңбектері бойынша курс жұмыстарын, ғылыми жобалар жаза білуі;
- 6) жазушыға қатысты түрлі әдебиеттермен жұмыс істей білуі;
- 7) оқушы өзіне қажетті материалдарды интернет арқылы тауып, пайдалана білуі.

**Оқушылардың осы курсы таңдау пәні бойынша игерген білімдерінің нәтижелері:**

- 1) Кемел Тоқаевтің шығармаларының жазылу стилін және жазушының көркем әдебиетте деректі қалай пайдалануға болатындығының үлгісін тану, түсіну, өшпес туындыларды жазудағы шеберлігін білуі;
- 2) жазушы шығармаларының идеялық негізін, маңызын талдай отырып, суреттеу шеберлігін айқындай алуы;
- 3) қаламгердің авторлық ұстанымдарды және маңызын көрсете білуі;
- 4) жазушының майдандағы өмірді жан-жақты суреттеу шеберлігін тану, романдарында шынайы суреттелген адамдардың тағдырын жеткізу ұстанымын білуі;
- 5) жазушының туындылардың талдай отырып, көркем сөзбен суреттеу шеберлігін, қаламгерлік қуатын, қазақ әдебиетіне енгізген жаңалығын айқындай білуі тиіс.

**Іс-тәжірибенің уақыты: Басталуы 2017 ж. Аяқталуы 2020 ж.  
Зерттеу жұмысының кезеңдері**

<b>Кезеңдердің аттары</b>	<b>Қысқаша мазмұндама</b>	<b>Нәтиже</b>	<b>Орындалу уақыты</b>
Дайындық кезеңі	Зерттеу жұмысының тақырыбы бойынша ғылыми деректермен кіріспе бөлім бойынша жұмыс жасау. Мұражайға бару, жәдігерлермен жұмыс. Кездесулер, интервью-сұхбаттар жүргізу. Қаламгердің туындыларын жинақтау, талдау жұмыстарын жүргізу.	Бағдарламаны құру. Кіріспе бөлім бойынша деректермен жұмыс, сілтемелер әзірлеу. Мұражайға бару, кітапханаларға бару, кездесулер ұйымдастыру.	Қыркүйек 2017-2018
Негізгі кезең.	Зерттеудің негізгі бөлімі бойынша ғылыми еңбектермен жұмыс. Естеліктер, ғылыми мақала, зерттеулерді сұрыптау, жинақтап, талдап жазу. -зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми мақалалар жазу; -тақырып бойынша ғылыми-практикалық конференциялар, семинарларға қатысу. -Қаламгер туындыларын оқытудың озық технологиясын, әдіс-тәсілдерін ұсыну; -«шеберлік сыныптарын» жүргізу; -модельдеу, жобалау, конструкциялау жұмыстарын жүргізу. -оқушыларға зерттеу жұмыстарын жасату, жоба жаздыру т.б	Бағдарлама жазылды. Түрлі семинар, конференцияларда тәжірибе таратылды. Ғылыми мақалалар жазылды. Сабак үлгілері жасалынып, ұсынылды.	2018-2019
<b>Қорытынды кезең.</b>	Жұмыстың нәтижесін көрсету. Ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу, іс-тәжірибе тарату, алмасу.	Баяндаманы ортаға салу, мақала шығару. Әдістемелік жинақ. Авторлық бағдарлама қорғау.	2019-2020

**«КЕМЕЛТАНУ» АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА**  
**10-сынып, Аптасына- 1 сағат. Барлығы -34 сағат**

Р/ с	Сабақтың мазмұны	Сағат саны			Түрі	к Ү н
		Дә- ріс	прак- ти- ка- лық	Шы- ғар- ма- шы- лық		
	<b>Сабақтың мазмұны (34 сағат)</b>	<b>3</b>	<b>21</b>	<b>10</b>		
1	Кіріспе. «Кемелтану» курсының мақсаты, міндеттерімен таныстыру.	1			Дәріс сабағы /ҒЫЛЫМИ хабарлама	
2-3	<b>«Талант бастауы»</b> -Кемел Тоқаев өмір жолы, ұшқан ұя, білім ордалары, отбасы туралы	1	1		Жобалап оқыту КЖТ қорғау	
4	-«Жәдігерлер сөйлейді...» Немесе «Естеліктердегі Кемел»...			1	Диалогтік алаң	
5-6	Қазақ әдебиетіндегі детектив жанырының біртуар қаламгері	1		1	Іздендіру сабағы /ҒЫЛЫМИ хабарлама	
7	Жазушының шығармалары, көркемдік әлемі		1		Кездесу сабағы	
8	«Майдангер жазушы» Соғыс тақырыбына арналған туындылар		1		Конференция сабағы	
9-10	«Солдат соғысқа кетті» романы		2		Ерлік сабағы	
11	Шығармашылық жұмыс «Кейіпкермен сырласу, хат жазу»			1	Сырласу сабағы	
12-14	«Түнде атылған оқ» повесть Кейіпкерлер әлемі		2	1	Рөлдік ойын Іздендіру сабағы	
15-17	«Тасқын» повесть Кейіпкерлерге әдеби талдау		2	1	Жобалап оқыту Модель қорғау	

18	Практикалық жұмыс «Қазақ детективінің атасы»		1		Конференция сабақ /жоба қорғау	
19-20	«Қастандық» повесть Кейіпкерлер әлемі		2		Диспут сабағы	
21	«Ұлылар үндестігі» шығармашылық сабақ			1	«Ұлылар үндестігі» кіріктірілген сабақ	
22-23	«Көмескі із» повесть «Мен таныған кейіпкер»		2		Әдеби талдау, зерттеу сабағы	
24-25	Практикалық сабақ /тест «Кім тапқыр?»		1		Сайыс сабағы	
26-28	«Арнаулы тапсырма» повесть Басты кейіпкерлер туралы		2	1	Модель қорғау іздендіру сабағы	
29	Шығармашылық жұмыс Эссе жазу			1	Даналық сабағы	
30-31	«Сарбағанда болған оқиға» повесть		2		Жобалап оқыту әдеби талдау	
32	Практикалық жұмыс «Ең үздік оқырман» зияткерлік ойыны		1		Сайыс сабағы	
33	«Менің сүйікті туындым...» «Менің сүйікті кітабым»			1	Диалогтік алаң	
34	Қорытынды сабақ		1		Қорытынды сабақ	

**«КЕМЕЛТАНУ» АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА**  
**11-сынып, Аптасына- 1 сағат. Барлығы- 34 сағат**

Р/ с	Сабақтың мазмұны	Сағат саны			Түрі	к Ү н
		Дә- ріс	прак- ти- ка- лық	Шы- ғар- ма- шы- лық		
	<b>Сабақтың мазмұны (34 сағат)</b>	<b>3</b>	<b>22</b>	<b>9</b>		
1	Кіріспе «К.Тоқаев ұшқан ұя», қызмет жолы мен марапаттары, еңбек жолы	1	1		Дәріс сабағы КЖТ қорғау	
2	Кемел Тоқай мұрасы – ұлттық құндылығымыздың көзі		1		Реферат қорғау сабағы	
3	«Мен таныған жазушы» Қаламгерлік шеберлігі, көркемдік әлемі			1	Эссе жазу сырласу сабағы	
4	«Көшпенді үйдің қонысы кайда?»		1		Іздендіру сабағы	
5	Кейіпкерлер әлемі «Менің кейіпкерім...»		1		Постер, модель қорғау	
6- 7	«Таудағы жаңғырық» повестері		2		Жобалап оқыту, рөлдік ойындар	
8	Практикалық жұмыс «Өнер жарысы»		1		Сайыс сабағы	
9- 10	«Таңбалы алтын» повесть		2		Саяхат сабағы	
11	Шығармашылық жұмыс «Ең қызықты оқиға...»			1	Эссе жазу	
12 13	«Ұясынан безген құс» романы Кейіпкер әлемі		2		Диалогтік алаң	

14	Шығармашылық жұмыс «Кім тапқыр?»			1	Сайыс сабағы	
15 - 17	Қазақ әдебиетіндегі алғашқы детективтік шығарма-«Соңғы соққы» романы		2	1	Іздендіру сабағы	
18	Шығармашылық жұмыс «Жауынгерге хат»			1	Сырласу сабағы	
19 21	«Қыс қарлығашы» повесть «Кейіпкерлер сөйлейді...»		2	1	Рөлдік ойындар	
22 23	«Жұлдызды жорық» әңгімелері Басты кейіпкерлері		1 1		Модельдеу КЖТ	
24	Практикалық жұмыс «Ұлылар үндестігі»		1		Даналық сабағы	
25 27	«Болашақ туралы ойлар» повестер мен әңгімелер		2		Зерттеу сабағы	
28	Шығармашылық жұмыс «Ойлы қалам...»			1	Эссе жазу	
29	Кемел Тоқаевтің қазақ әдебиетінде қалдырған ізі	1			Ғылыми кеңес сабағы	
30	«Көркем сөздің хас шебері» шығармашылық жұмыс			1	Ой толғау, жыр толғау	
31 32	Кемел Тоқаев мұрасы ХХІ ғасырда...		2		Диалогтік алаң	
33	Практикалық сабақ «Кемел Тоқай туындылары – ұлттық құндылығымыз»		1		Идеялар презентациясы	
34	Қорытынды		1		Қорытынды сабақ	

## Оқуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

### Оқушы үшін:

- Жұлдызды жорық. Әңгімелер. А., ҚМКӘБ, 1954;
- Қыс қарлығашы. Повесть. А., ҚМКӘБ, 1958;
- Көмескі із. Повесть, ҚМКӘБ, 1958;
- Болашақ туралы ойлар. Повестер мен әңгімелер. А., «Қазақстан», 1955, 1958, 1972, 1975;
- Түнде атылған оқ. Повестер. А., «Жазушы»; «Қазақстан», 1971—1972, 1976;
- Қастандық. Повесть. «Жазушы»; «Қазақстан», 1971, 1972, 1975, 1976;
- Арнаулы тапсырма. Повесть. А., «Жазушы»; «Қазақстан»; 1965, 1968, 1976;
- Сарғабанда болған оқиға. Повесть. А., «Жазушы», 1975;
- Таңбалы алтын. Повесть. А., «Қазақстан», 1977;
- Соңғы соққы. Роман. А., «Жазушы», 1981;
- Солдат соғысқа кетті. Роман. А., «Жазушы», 1983;
- Ұясынан безген құс. Роман. А., «Жазушы», 1983.
  - Кемел Тоқаев, бес томдық шығармалар жинағы, құрастырған Жақау Дәуренбеков, Алматы қаласы, «Ана тілі» баспасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі баспасы, 2017-2018 жылдар.
  - «Қазақстан жазушылары ХХ ғасыр», анықтамалық, Алматы қаласы, «Ана тілі» баспасы, 2004 жыл.
  - «Қазақ әдебиеті», энциклопедиялық анықтамалық, Алматы қаласы, «Аруна Ltd» баспасы, 2005 жыл.
  - «Қазақ әдебиетінің тарихы., кеңес дәуірі (1956-1990 жылдар)», он томдық, тоғызыншы том, Алматы қаласы, 2005 жыл.

### Мұғалім үшін:

1. К. Сәттібайұлы «Жауынгер, жазушы Кемел Тоқаев», «Алтын алаш» газеті 1995 ж;
2. А. Аханбайқызы «Әдебиеттің кемел тұлғасы», Алматы «Егемен Қазақстан» 25.09.2018ж;
3. Қасым-Жомарт Тоқаев «Әке туралы ой - толғау», Алматы, 2018ж;
4. С. Досанов «Әлемдік деңгейдегі саяси қайраткер», Алматы «Алаш үні», 07.05.2019ж.
5. Қ. Қарамандаев «Кемел десе, кемел еді», Алматы, «Түркістан», 2018ж.;
6. Ж. Дәуренбеков «Кемел Тоқаев шығармалары» 1-5 том, Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2017 ж.
7. Азамат. Кемел Тоқаев. Өмірі мен қызметі», Алматы қаласы, 2003 жыл.
8. Кемел Тоқаев, бес томдық таңдамалы шығармалар жинағы, Алматы қаласы, «Ана тілі» баспасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, 2008-2010 жылдар.



9. Касым-Жомарт Токаев, «Свет и тень», город Алматы, 2007 год.
10. Касым-Жомарт Токаев, первый том, «Очерки дипломата», книга первая, «Преодоление», город Алматы, издательство «Жибек жолы», 2007 год.
11. Касым-Жомарт Токаев, том второй, «Очерки дипломата», книга вторая, «Под стягом Независимости», город Алматы, издательство «Жибек жолы», 2007 год.
12. Касым-Жомарт Токаев, том третий, «Векторы внешней политики», книга первая, «Восточное направление» (девяностые годы XX века), город Алматы, издательство «Жибек жолы», 2008 год.
- Қосымша. 1**

## **Авторлық бағдарламаның мазмұны 10-сынып**

### **1-тақырып: «Кемелтану» курсының мақсаты, міндеттерімен таныстыру.**

#### **Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.**

«Кемелтану» авторлық бағдарламасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «Туған жер» бағдарламасын негізге ала құрылып отыр. Бағдарламада Кемел Тоқаевтың соғыс тақырыптары мен детектив жанрларында жазған еңбектерін оқыту арқылы жас ұрпақты елжандылыққа, ұлтжандылыққа, патриотизмге баулу қарастырылды. Сондай-ақ, суреткерлік деңгейі биік, талғамы жоғары, көркем сөздің хас шебері Кемел Тоқаев шығармаларын бүгінгі ұрпаққа насихаттай отырып, елеулі еңбектері арқылы әдебиетке деген құлшыныстарын ояту, рухани жан-дүниелерін байыту - бүгінгі заманның талабынан туып отырған келелі міндеттер. Осы мақсат, міндеттерді орындауда жазушының өнегелі өмір жолы мен шығармашылық еңбектерінің маңызы зор әрі жас ұрпаққа үлгі болуға лайық.

**Бағдарламаның мақсаты:** «Кемелтану» бағдарламасы арқылы қаламгердің шығармаларын терең таныту арқылы елжанды, халқымыздың әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары, білім, білік, дағдылармен қаруланған, түйген ойларын іс жүзінде өз кәдесіне жарата білетін, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты, терең ойлайтын жеке тұлғаны қалыптастыру.

**Сабақтың түрі:** дәріс сабақ.

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** түсіндірмелі, диалог, пікірлесу, зерттеушілік әңгіме, іздендіру, миға шабуыл сұрақтары, жинақтау, талдау.

**Дидактикалық материалдар:** КЖТ, тірек сызба, кітаптар көрмесі.

Ж. Дәуренбеков «Кемел Тоқаев шығармалары» 1-5 том, Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2017 ж.

## 2-3 - тақырып: «Талант бастауы»

**Кемел Тоқаев өмір жолы, ұшқан ұя, білім ордалары, отбасы туралы Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.** Кемел ТОҚАЕВ (1923 жылы 2 қазан күні Талдықорған, қазіргі Алматы облысының Қаратал ауданындағы Қалпе ауылында кедей-шаруа отбасында дүниеге келген – 1986 жылы 10 қарашада Алматыда бақилық болған) – майдангер жазушы, драматург. Қазақ әдебиетінде шырғалаң оқиғалы детектив жанрының негізін салушы. Ұлы Отан соғысының ардагері.

Әкесі Тоқа ауыр шаруа еңбегімен айналысқан. Кемел — отбасындағы екінші перзент. Үлкен ағасы Қасым қазақ дәстүріне сай атасының қолында тәрбиеленіп, сол себепті тегі Болтаев деп жазылып кеткен. Екеуінің соңынан ерген бір қарындасы үш жасында қайтыс болған. Кемелдің анасына кедейшіліктің тауқыметі әрі адам төзбес өмірлік жағдайы қосылып, мұның үстіне суық тиіп, сал ауруына ұшырайды.

1932 жыл бұл шаңыраққа үлкен қайғы-қасірет әкелген. Ата-анасынан, қарындасынан айырылып, тағдырдың жазуы сол, ағасы Қасым екеуі балалар үйіне түседі. Бір жылдан кейін еті тірі Қасым балалар үйінің бастығына өзі мен інісінің толыққанды оқу оқып, білім алуы үшін басқа балалар үйіне ауыстыру жөнінде өтініш жасайды. Сөйтіп олар алдымен Түркістан қаласындағы қорғансыз жетім қалғандарға пана болған балалар үйіне ауысады. Кейіннен Шымкент қаласындағы Михаил Иванович Калинин атындағы қорғасын-мырыш зауытының жанындағы жетім балалар арналған мектеп-интернаттан (қазіргі № 26 жалпы орта мектеп) бір-ақ шығады...

**Сабақтың түрі:** Жобалап оқыту /КЖТ конструкциялық жобалау технологиясы

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** жобалау, ой тастау, сұрақ-жауап, дәлелдеу, зерттеу

**Дидактикалық материалдар:** Қасым-Жомарт Тоқаев «Әке туралы ой - толғау», Алматы, 2018ж; т.б

## 4-тақырып: «Жәдігерлер сөйлейді...»

### Немесе «Естеліктердегі Кемел»...

#### Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.

Майдангер жазушы, драматург, прозашы, Бірінші және Екінші дәрежелі «Отан соғысы» орденінің және екі мәрте «Ерлігі үшін» медалінің иегері, «Сталинградты қорғағаны үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысқаны үшін», тағы басқа да көптеген төсбелгі, марапаттарға ие болған көркем сөз зергері - Кемел Тоқаев

Әдебиет тарихында, сөз өнері атты ғажайып әлемде өзіндік ізі мен қолтаңбасы айырықша кестеленген жазушы, «Қазақ әдебиетіндегі детектив

жанрының атасы» атанған Кемел Тоқаев - шоқтығы биік туындыларымен оқырмандарын баурап алған хас талант, дарын иесі...

«Кемел Тоқаев – даңққа бөленген солдат, қаламы жүйрік жазушы. Рухани асыл қазынамызда оның да мол үлесі бар» (Ш.Елеукенов).

**Сабақтың түрі:** Эссе жазу

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** ой тастау, сұрақ-жауап, мәнерлеп оқу, талдау, пікірлесу.

**Дидактикалық материалдар:** К. Сәттібайұлы «Жауынгер, жазушы Кемел Тоқаев», «Алтын алаш» газеті 1995 ж;

### **5-6 - тақырып: «Қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының біртуар қаламгері»**

#### **Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.**

Әдебиет тарихында, сөз өнері атты ғажайып әлемде өзіндік ізі мен қолтаңбасы айырықша кестеленген жазушы, «Қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының атасы» атанған Кемел Тоқаев - шоқтығы биік туындыларымен оқырмандарын баурап алған хас талант, дарын иесі.

Жазушы К.Тоқаев соғыстың осы бір шындығын шырқын бұзбай астарлап шебер суреттей білуімен ерекше көрінді. ...Соның нәтижесінде талантын жылдар жаныған тарлан жазушы өзінің күш-қуатына сеніп, әдебиет әлеміне бұрын тосын көрінген детектив жанрына түрен салып, іргесін бекітіп, сапасын аса жоғары деңгейге көтере білді. Детективтік салада жазушының «Тасқын», «Көмескі із», «Түнде атылған оқ», «Қастандық», «Сырғабанда болған оқиға», «Таңбалы алтын», «Соңғы соққы», «Ұясынан безген құс» сынды көптеген шығармалары жарық көрді

**Сабақтың түрі:** Іздендіру сабағы /ғылыми хабарлама

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** ғылыми хабарлама, ғылыми деректерді жинау, сұрыптау, ой салу, сұрақ-жауап, талдау.

**Дидактикалық материалдар:** көмек-нұсқаулар, бейнеролик, презентация, буклеттер. Қ. Қарамандаев «Кемел десе, кемел еді», Алматы, «Түркістан», 2018ж. т.б

### **7- тақырып: Жазушының шығармалары, көркемдік әлемі**

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.** Жастайынан журналист, жазушы болуды армандаған Кемел Тоқаев Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі Әбу Насыр әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) филология факультетіне оқуға түскен. 1942 жылы әскер қатарына шақырылған

Сұрапыл соғыс жылдарын артқа тастаған Кемел енді оқу-білімге деген ерекше құштарлықпен өз туған жеріне оралады. Қайсар мінезі мен еңбекқорлық қасиетінің арқасында жоғары білім алған, ұлы Әуезовтің көзін

көрген Кемел Тоқаев өзі жастайынан қалаған журналистика саласында ұзақ жылдар қызмет етті. Қалың оқырмандарын қызықтыра білетін тартымды романдар мен повестерін де жазды

...Алматыға оралып, ҚазМУ-дегі оқуын ары қарай жалғастырған. Осында оған қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің лекцияларын тыңдау бақыты бұйырған. Студент шағында Саттар Имашев, Мүсілім Базарбаевпен дос болған. Университеттің соңғы курсына оқып жүргенде республикалық «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде өзінің еңбек жолын бастаған. 1948 жылы аталмыш жоғары оқу орнын ойдағыдай бітірген. Бір жылдай уақыт Жамбыл облыстық газетінде әдеби қызметкер болып істеген. Кейіннен Алматыға қайта оралып, 1949-1953 жылы республикалық «Лениншіл жас» газетінде әдеби қызметкер болып істеген. 1953-1955 жылдары республикалық «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінде жауапты хатшы, редактор, 1955-1977 жылдары республикалық «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Egemen Qazaqstan») газетінде бастапқыда әдеби қызметкер, кейіннен жауапты хатшының орынбасары, «Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостары» журналының бас редакторы болып қызмет істеген. 1977-1980 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің аппаратында аударма, құжаттар шығаратын бөлімінің меңгерушісі, 1980-1984 жылдары Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші қызметін атқарған.

**Сабақтың түрі:** Диалогтік алаң

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** интервью, ғылыми еңбектерді басшылыққа ала отырып практикалық жұмыстар жасау, тіл ұстарту.

**Дидактикалық материалдар:** мақалалар, естеліктер, КЖТ, шығармалар Кемел Тоқаев, бес томдық шығармалар жинағы, құрастырған Жақау Дәуренбеков, Алматы қаласы, «Ана тілі» баспасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі баспасы, 2017-2018 жылдар.

### **8- тақырып: «Майдангер жазушы»**

#### **Соғыс тақырыбына арналған туындылар**

Соғыс қасіретін суреттеген тақырыпқа жазушы Кемел Тоқаев та қалам тартқан. Бірақ ол соғыс шындығын басқа қырынан көрсетуге тырысты...

...талантын жылдар жаныған тарлан жазушы өзінің күш-қуатына сеніп, әдебиет әлеміне бұрын тосын көрінген детектив жанрына түрен салып, іргесін бекітіп, сапасын аса жоғары деңгейге көтере білді. /Рафаэль Ниязбек/

«Кемел Тоқаев — қазақ жазушыларының ішіндегі оқырманы ең көп қаламгерлерлердің бірі болды. Өзі таңдап алып, негізін қалаған детективтік жанрда алдына жан салған жоқ», -деп Ә.Нұршайықов жазғандай, қазақ әдебиетінің тарихында бұрын-соңды болмаған детектив жанрының негізін қалап, оны жоғары дәрежеде оқырмандарының сезім пернелеріне жеткізе білген жазушының таланты өз заманында-ақ еліміздің кеңістігінен асып, әлем жұртшылығын да мойындатқаны шындық.

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.**

**Сабақтың түрі:** Конференция сабағы.

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** түсіндірмелі әдіс, іздендіру, салыстыру, дәлелдеулер, зерттеушілік әңгіме, ой толғау, сұрақ-жауап.

**Дидактикалық материалдар:** шығармалар жинағы Ж. Дәуренбеков «Кемел Тоқаев шығармалары» 1-5 том, Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2017 ж.

### **9-10 - тақырып: «Солдат соғысқа кетті».**

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.** К.Тоқаевтың суреткерлік биік деңгейге көтеріліп, шиыршық атқан аса шебер үлгіде жазған көлемді туындысының бірі – «Солдат соғысқа кетті» романы. Қанға бөккен майдан даласы жан-жақты суреттеліп, ара-арасында солдат күнделігімен тұздықталып отыратын бұл көлемді туындыны көкірегің ыза-кекке толып, қызынып, бұрқанбай оқу әсте мүмкін емес... /Рафаэль НИЯЗБЕК/

**Сабақтың түрі:** Ерлік сабағы.

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** топтық, жұптық жұмыс, талдау, сұрақ-жауап, бірлесе оқу, практикалық жұмыс, ой тастау.

**Дидактикалық материалдар:** Солдат соғысқа кетті. Роман. А., «Жазушы», 1983;

### **11 - тақырып: Шығармашылық жұмыс «Кейіпкермен сырласу, хат жазу»**

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.** Қаламгердің туындысын оқыған сәттен алған әсерлерін жазбаша жеткізу. Өз ойларын, көзқарастарын дәлелді жазу. Шығармашылық қиял, ой-армандарына ерік беру. Сырласу мақсатында өз шығармашылық қабілеттерін сыр толғау, немесе жыр толғау т.б жазу.

**Сабақтың түрі:** Сырласу сабағы

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** эссе, ой толғау, сыр толғау, жыр толғау

**Дидактикалық материалдар:** Газет-журнал, баспа материалдары.

### **12-14 - тақырып: «Түнде атылған оқ» повесть. Кейіпкерлер әлемі Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.**

«Кемел Тоқаев аға өзінің білетін тақырыбын зерттеп жазатын. Шындығында жазған кітаптары шытырман оқиғаларға құрылған, адам характерлерінің қақтығысын бейнелейтін шынайы көркем тілмен жазылған шығармалар еді. «Түнде атылған оқ», «Қастандық», «Сарғабанда болған оқиға», «Ұясынан безген құс» туындылары өз оқырмандарының көңілінен шыққан дүниелер» /Әбдеш Қалмырзаев/.

**Сабақтың түрі:** Іздендіру сабағы.

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** әдеби талдау, сұрақ-жауап, ой тастау, пікірлесу .

**Дидактикалық материалдар:** Шығармалар жинағы. Түнде атылған оқ. Повестер. А., «Жазушы»; «Қазақстан», 1971-1972, 1976;

### **15-17 - тақырып: «Тасқын» повесть.**

#### **Кейіпкерлерге әдеби талдау »**

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.** Майдангер жазушы, драматург Кемел Тоқаев — соғыс тақырыбына арналған сүбелі шығармаларымен қатар қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының жолын ашқан қаламы қарымды көрнекті қаламгер еді. Соғыс тақырыбы мен қазақтың құқық қорғау органдары қызметкерлерінің өміріне арналған «Болашақ туралы ойлар» повестер мен әңгімелер жинағы (1955, 1958, 1972, 1975), «Көмескі із» (1955, 1958, 1972, 1975), «Қыс қарлығашы» (1958), «Тасқын» повестері (1955, 1958), «Арнаулы тапсырма», «Особое задание» (Украинадағы партизандар, соның ішінде қазақтың патриот партизаны, Халық Қаһарманы Қасым (Қали) Қайсенов жайлы кітап, 1965, 1968, 1976), «Түнде атылған оқ» — «Ночной выстрел» (1971, 1972, 1975, 1976) ...

**Сабақтың түрі:** Жобалап оқыту, модель қорғау

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, мәнерлеп оқу, түсіндіру, ой салу, жобалау, модельдеу.

**Дидактикалық материалдар:** «Тасқын» повесть. Кемел Тоқаев, бес томдық шығармалар жинағы, құрастырған Жақау Дәуренбеков, Алматы қаласы, «Ана тілі» баспасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі баспасы, 2017-2018 жылдар.

### **18 - тақырып: «Қазақ детективінің атасы»**

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.** Қаламгер туралы жазылған мақалалар, естеліктер, мақалалар, зерттеу еңбектері бойынша ғылыми реферат, ғылыми жоба жазу.

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** модельдеу, жобалау, ғылыми реферат, жоба.

**Дидактикалық материалдар:** естеліктер, деректер, ғылыми мақалалар, зерттеулер.

### **19-20 - тақырып: «Қастандық» повесть Кейіпкерлер әлемі**

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.** Қай тақырыпқа қалам түртсе де тереңнен толғап жазатын Кемел Тоқаев қазақ әдебиетінде болмаған детектив жанрының негізін қалап, күш-жігерін жұмсап, тың бағыттың сатысын аса жоғары деңгейге көтеріп, сол жанрдың атасы атанған еді.

**Сабақтың түрі:** Диспут сабағы

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** миға шабуыл, сұрақ-жауап, ой тастау, әңгіме-дебат

**Дидактикалық материалдар:** Қастандық. Повесть. «Жазушы»; «Қазақстан», 1971, 1972, 1975, 1976;

### **21 - тақырып: «Ұлылар үндестігі» шығармашылық сабақ**

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.**

«Кемекең — Кемел Тоқаев соңына мол мұра қалдырған жазушы. Ендігі жерде жақсының көзі — сол шығармалары өміршең болсын делік. Текті жазушының ғұмыры қашанда ұзақ». (Қоғабай Сәрсекеев).

**Сабақтың түрі:** «Ұлылар үндестігі» кіріктірілген сабақ

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** практикалық жұмыс, мәнерлеп оқу, талдау, сырласу, ой толғау, пікірлесу.

**Дидактикалық материалдар:** Шығармалар жинағы.

## **22-23 - тақырып: «Көмескі із» повесть.**

«Мен таныған кейіпкер»

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.**

«Кемел Тоқаевтың кітаптары — көркем әдебиетте деректі қалай пайдалануға болатынының жарқын үлгісі». Қалмұқан Исабаев.

**Сабақтың түрі:** Әдеби талдау, іздендіру сабағы.

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** іздендіру, проблема шешу, сұрақ-жауап, талдау, пікір қорғау, дәлелдер.

**Дидактикалық материалдар:** Көмескі із. Повесть, ҚМКӘБ, 1958;

## **24-25 - тақырып: «Кім тапқыр?»**

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.** Оқушыларды зияткерлік ойындарына жұмылдыру. Алдын-ала берілген туындылар бойынша интеллектуальдық ойын, сұрақтар дайындау, сол бойынша жеңімпазды анықтау.

**Сабақтың түрі:** «Сайыс» сабағы

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** іздендіру, сұрақ-жауап, ұтқырлық, білімділік.

**Дидактикалық материалдар:** Шығармалар жинағы.

## **26-28 - тақырып: «Арнаулы тапсырма» повесть**

**Басты кейіпкерлер туралы**

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.** Повесть туралы оқып білу, басты кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне талдау, мінездеме беру.

**Сабақтың түрі:** Модель қорғау іздендіру сабағы

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, мінездеме, салыстыру, іздендіру, үндестігін табу, әдеби талдау.

**Дидактикалық материалдар:** Ғылыми еңбектер, мақалалар, естеліктер.

Арнаулы тапсырма. Повесть. А., «Жазушы»; «Қазақстан»; 1965, 1968, 1976;

## **29 - тақырып: Шығармашылық жұмыс / Эссе жазу/**

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.** Қаламгердің туындысын оқығн сәттен алған әсерлерін жазбаша жеткізу. Өз ойларын, көзқарастарын эссе арқылы дәлелді жазу. Шығармашылық қиял, ойларына, сыни көзқарастарына ерік беру.

**Сабақтың түрі:** Даналық сабағы

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** эссе жазу, ой толғау, пікірлесу, даналық ойлар

**Дидактикалық материалдар:** Газет-журнал, баспа материалдары.

### **30-31 - тақырып: «Сарбағанда болған оқиға» повесть**

#### **Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.**

«Кемел Тоқаевтың ұлағатты ісі — осы жанрдың жүгін қайыспай жалғыз көтергені. Егер ол кісі болмаса, детектив жанры өгейсіп қалар ма еді, бәлкім. Соншалық ауыртпалығына қарамастан ол есімді тұлға сол жүкті тұтас көтеріп, биікке өрледі». /Сейфолла Оспан/

**Сабақтың түрі:** Жобалап оқыту /КЖТ конструкциялық жобалау технологиясы

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** жобалау, ой тастау, сұрақ-жауап, дәлелдеу, зерттеу

**Дидактикалық материалдар:** шығармалар жинағы Сарбағанда болған оқиға. Повесть. А., «Жазушы», 1975;

### **32- тақырып: «Ең үздік оқырман»**

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.** Алдын-ала берілген әдебиеттер тізімі бойынша сайыс түрінде жүргізіледі. Оқырман берілген сұрақтарға жауап беру арқылы өзінің қабілетін көрсетеді.

**Сабақтың түрі:** Сайыс сабағы.

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** түсіндірмелі әдіс, іздендіру, салыстыру, дәлелдеулер, зерттеушілік әңгіме, ой толғау, сұрақ-жауап.

**Дидактикалық материалдар:** шығармалар жинағы

### **33- тақырып: «Менің сүйікті туындым...»**

#### **«Менің сүйікті кітабым»**

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.** Қаламгердің туындысын оқыған сәттен алған әсерлері бойынша диалог алаңында ойларын, пікірлерін жеткізу. Шығармашылық қиял, ойларына, сыни көзқарастарына ерік беру.

**Сабақтың түрі:** Диалогтік алаң

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** эссе жазу, ой толғау, пікірлесу, даналық ойлар

**Дидактикалық материалдар:** Газет-журнал, баспа материалдары.

### **34- тақырып: «Қорытынды сабақ»**

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.** «Өмірде ұзақ жылдар ізденіп жүріп әдебиеттен өзін жаңылыспай тапқан, тек өзіне ғана тән оңтайлы өнерлігімен талай құнды кітаптарды дүниеге келтірген Кемел Тоқаевты туған халқы терең махаббатпен еске алады. Рухани ізгі екінші ғұмыр деген әне сол!» Мұзафар Әлімбаев.

**Сабақтың түрі:** Еске алу сабағы

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** естелік жазу, ой қорыту, ой тастау.

**Дидактикалық материалдар:** Шығармалар жинағы



## 11-сынып

### 1-тақырып: Кемел Тоқаев ұшқан ұя, қызмет жолы, марапаттары, еңбек жолы

#### Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.

Майдангер жазушы, драматург, прозашы, Бірінші және Екінші дәрежелі «Отан соғысы» орденінің және екі мәрте «Ерлігі үшін» медалінің иегері, «Сталинградты қорғағаны үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысқаны үшін», тағы басқа да көптеген төсбелгі, марапаттарға ие болған көркем сөз зергері - Кемел Тоқаев

Кемел Тоқаев 1923 жылы 2 қазанда Алматы облысының Қаратал ауданы, Қалпе ауылында дүниеге келген. 1933 жылғы сұрапыл нәубетте қасіретті қайғыға ұшыраған үлкен шаңырақтан аман қалған ағасы Қасым екеуі Түркістан қаласындағы қорғансыз жетім қалған балалар үйін паналады. Оқуға зерек ағайынды Қасым мен Кемелдің оқу - білімге ынтасы мен жақсы тәрбиесі ескеріліп, Шымкенттегі мектеп - интернатқа ауыстырылды

Жастайынан журналист, жазушы болуды армандаған Кемел Тоқаев Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі Әбу Насыр әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) филология факультетіне оқуға түскен. 1942 жылы әскер қатарына шақырылған

**Сабақтың түрі:** дәріс сабақ. КЖТ

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** түсіндірмелі, диалог, пікірлесу, зерттеушілік әңгіме, іздендіру, миға шабуыл сұрақтары, жинақтау, талдау.

**Дидактикалық материалдар:** КЖТ, тірек сызба,

Ж. Дәуренбеков «Кемел Тоқаев шығармалары» 1-5 том, Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2017 ж.

### 2- тақырып: Кемел Тоқай мұрасы – ұлттық құндылығымыздың көзі

#### Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.

1948ж Қазақ мемлекеттік университетін бітіріп, «Лениншіл жас», «Қазақстан пионері», «Социалистік Қазақстан» газеттерінде қызмет атқарды.

1960-1977 жылдар аралығында “Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Хабаршысы” ресми басылымының бас редакторы, 1980–1984 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының әдеби кеңесшісі болды.

Кеңес Қарулы күштері туралы 10-нан астам кітабы қазақ және орыс тілдерінде басылып шыққан. Қазақстан Жазушылар одағы мен Қазақ КСР Ішкі істер министрлігі жариялаған әдеби байқауларда 1956, 1972, 1977, 1980 жылдары төрт рет лауреат атанды.

Кемел Тоқаев Ұлы Отан соғысына қатысқаны үшін I және II дәрежелі орденмен, екі рет “Ерлігі үшін” медалімен марапатталды

Әдебиет тарихында, сөз өнері атты ғажайып әлемде өзіндік ізі мен қолтаңбасы айырықша кестеленген жазушы, «Қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының атасы» атанған Кемел Тоқаев - шоқтығы биік туындыларымен оқырмандарын баурап алған хас талант, дарын иесі...

Соғыс қасіретін суреттеген тақырыпқа жазушы Кемел Тоқаев та қалам тартқан. Бірақ ол соғыс шындығын басқа қырынан көрсетуге тырысты...

...талантын жылдар жаныған тарлан жазушы өзінің күш-қуатына сеніп, әдебиет әлеміне бұрын тосын көрінген детектив жанрына түрен салып, іргесін бекітіп, сапасын аса жоғары деңгейге көтере білді. /Рафаэль Ниязбек/

«Кемел Тоқаев — қазақ жазушыларының ішіндегі оқырманы ең көп қаламгерлерлердің бірі болды. Өзі таңдап алып, негізін қалаған детективтік жанрда алдына жан салған жоқ», -деп Ә.Нұршайықов жазғандай, қазақ әдебиетінің тарихында бұрын-соңды болмаған детектив жанрының негізін қалап, оны жоғары дәрежеде оқырмандарының сезім пернелеріне жеткізе білген жазушының таланты өз заманында-ақ еліміздің кеңістігінен асып, әлем жұртшылығын да мойындатқаны шындық.

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.**

**Сабақтың түрі:** Конференция сабағы

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** түсіндірмелі әдіс, іздендіру, салыстыру, дәлелдеулер, зерттеушілік әңгіме, ой толғау, сұрақ-жауап.

**Дидактикалық материалдар:** шығармалар жинағы Ж. Дәуренбеков «Кемел Тоқаев шығармалары» 1-5 том, Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2017 ж.

### **3 - тақырып: «Мен таныған жазушы»**

#### **Қаламгерлік шеберлігі, көркемдік әлемі**

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.** Қаламгердің туындысын оқыған сәттен алған әсерлерін жазбаша жеткізу. Өз ойларын, көзқарастарын дәлелді жазу. Шығармашылық қиял, ой-армандарына ерік беру. Сырласу мақсатында өз шығармашылық қабілеттерін сыр толғау, немесе жыр толғау т.б жазу.

**Сабақтың түрі:** Эссе жазу сырласу сабағы

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, бірлесе оқу, практикалық жұмыс, ой тастау. эссе, ой толғау, сыр толғау, жыр толғау

**Дидактикалық материалдар:** Газет-журнал, баспа материалдары. «Қазақстан жазушылары ХХ ғасыр», анықтамалық, Алматы қаласы, «Ана тілі» баспасы, 2004 жыл. «Қазақ әдебиеті», энциклопедиялық анықтамалық, Алматы қаласы, «Аруна Ltd» баспасы, 2005 жыл.

### **4 - тақырып: «Көшпенді үйдің қонысы қайда?»**

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.**

Қай тақырыпқа қалам түртсе де тереңнен толғап жазатын Кемел Тоқаев қазақ әдебиетінде болмаған детектив жанрының негізін қалап, күш-жігерін жұмсап, тың бағыттың сатысын аса жоғары деңгейге көтеріп, сол жанрдың атасы атанған еді. Енді міне, соғыстың қаһарлы күндері кең қамтылып, жан-жақты суреттелген мына романы арқылы ол тың бағытқа тағы да түрен салып, өз мүддесін көздеп екі майданда да қатар соғысқан екіжүзді сатқындардың бет-пердесін сыпырып, сойдақтаған қанды іздерін қорықпай ашық жазған автор екенін және көрсетті.

**Сабақтың түрі:** Іздендіру сабағы.

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** әдеби талдау, сұрақ-жауап, ой тастау, пікірлесу.

**Дидактикалық материалдар:** Шығармалар жинағы.

### **5 - тақырып: Кейіпкерлер әлемі**

Оқыған шығарма төңірегінде ой қозғау. Кейіпкерлері туралы әдеби талдау жасай отырып, микро-мінездеме беру. Кейіпкерлердің іс-әрекеттерін салыстыра отырып, талдау жасау. Жазушының кейіпкер болмысын ашудағы қаламгерлік шеберлігіне тоқталу, ой бөлісу.

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.**

**Сабақтың түрі:** модель қорғау

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, мәнерлеп оқу, түсіндіру, ой салу, жобалау, модельдеу.

### **6-7 - тақырып: «Таудағы жаңғырық» повесть**

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.**

Кемел Тоқаев – артына мол мұра қалдырған жазушы. Оның әр жылдарда жарық көрген повестері мен романдары оқырман қауымынан өз бағасын алған. «Түнде атылған оқ» жинақ кітабында «Қастандық», «Сарғабанда болған оқиға», «Түнде атылған оқ», «Таудағы жаңғырық» атты еңбектері бар. Бұл шығармаларда еліміздің қауіпсіздігін, адамдардың тыныштығын қорғау жолында еңбек етіп жүрген сақшы қызметкерлердің Отан, халық алдындағы парыз-міндеттерін терең сезініп, күн-түн демей жан аямай жасаған табанды да жанкешті әрекеттері барынша шынайы суреттеледі. Отан алдындағы парыз, адалдық тергеу кезіндегі қара қылды қақ жарған әділдік – кітапқа енген шығармалардың негізгі арқауы. Повестердің сюжеті ширақ, оқиғалары шынайы, тартымды.

**Сабақтың түрі:** Жобалап оқыту.

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** модельдеу, жобалау, ғылыми реферат, жоба.

**Дидактикалық материалдар:** естеліктер, деректер, ғылыми мақалалар, зерттеулер. Кемел Тоқаев, бес томдық шығармалар жинағы, құрастырған Жақау Дәуренбеков, Алматы қаласы, «Ана тілі» баспасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі баспасы, 2017-2018 жылдар.

### **8 - тақырып: Практикалық жұмыс «Өнер жарысы»**

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.** Жазушы ретінде Кемел Тоқаев көбінесе шытырман оқиғалы (детективті) жанрда қалам тартты. 1954 жылы «Жұлдызды жорық», 1955 жылы «Қысқы қарлығаш», 1958 жылы «Тасқын», 1965 жылы «Болашақ туралы ой», 1968 жылы «Ерекше тапсырма», 1971-72 жылдары «Дикарьдің өлімі», «Қастандық», «Сарқабанда болған оқиға», 1954 жылы «Көмескі із», 1976 жылы «Түнде атылған оқ», 1977 жылы «Таңбалы алтын» сияқты шығармалардың авторы. Драматургия саласында «Кім қылмысты?» дейтін пьеса жазды. «Соңғы соққы» (1981), «Солдат алысқа кетті» (1983), «Ұясынан безген құс» (1983) романдары «Қызыл комиссар», «Сиқырлы құпия» шығармалары да жарық көрген.

Кемел Тоқаев шығармаларының ерекшелігі деректілігінде. Өзі қатысып куә болған соғыс кезіндегі партизандар ерлігі, чекистер мен ішкі істер қызметкерлерінің қауіпті де қызықты тағдырлары, қылмысты істі ашудағы милиционерлердің алғырлығы мен ұтқырлығы — жазушы көтерген негізгі тақырыптар.

«Кемекең — Кемел Тоқаев соңына мол мұра қалдырған жазушы. Ендігі жерде жақсының көзі — сол шығармалары өміршең болсын делік. Текті жазушының ғұмыры қашанда ұзақ». (Қоғабай Сәрсекеев).

**Сабақтың түрі:** Сайыс сабақ

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** практикалық жұмыс, мәнерлеп оқу, талдау, сырласу, ой толғау, пікірлесу.

**Дидактикалық материалдар:** Шығармалар жинағы.

### **9-10 - тақырып: «Таңбалы алтын» повесть**

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.**

Кемел Тоқаев - қазақ әдебиетінде шырғалаң оқиғалы детектив жанрының негізін салушы. Ұлы Отан соғысының ардагері. Қай тақырыпқа қалам түртсе де тереңнен толғап жазатын Кемел Тоқаев қазақ әдебиетінде болмаған детектив жанрының негізін қалап, күш-жігерін жұмсап, тың бағыттың сатысын аса жоғары деңгейге көтеріп, сол жанрдың атасы атанған еді.

Детективтік салада жазушының «Тасқын», «Көмескі із», «Түнде атылған оқ», «Қастандық», «Сырғабанда болған оқиға», «Таңбалы алтын», «Соңғы соққы», «Ұясынан безген құс» сынды көптеген шығармалары жарық көрді...

**Сабақтың түрі:** Іздендіру сабағы

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** миға шабуыл, сұрақ-жауап, ой тастау, әңгіме-дебат

**Дидактикалық материалдар:** Таңбалы алтын. Повесть. А., «Қазақстан», 1977;

### **11 - тақырып: Шығармашылық жұмыс / Эссе жазу/**

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.** Қаламгердің туындысын оқыған сәттен алған әсерлерін жазбаша жеткізу. Өз ойларын, көзқарастарын эссе арқылы дәлелді жазу. Шығармашылық қиял, ойларына, сыни көзқарастарына ерік беру.

**Сабақтың түрі:** Даналық сабағы

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** эссе жазу, ой толғау, пікірлесу, даналық ойлар

**Дидактикалық материалдар:** Газет-журнал, баспа материалдары.

### **12-13 - тақырып: «Ұясынан безген құс» романы Кейіпкер әлемі**

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.**

«Кемел Тоқаевтың кітаптары — көркем әдебиетте деректі қалай пайдалануға болатынының жарқын үлгісі». /Қалмұқан Исабаев/

«Кемел Тоқаев аға өзінің білетін тақырыбын зерттеп жазатын. Шындығында жазған кітаптары шытырман оқиғаларға құрылған, адам характерлерінің

қақтығысын бейнелейтін шынайы көркем тілмен жазылған шығармалар еді. «Түнде атылған оқ», «Қастандық», «Сарғабанда болған оқиға», «Ұясынан безген құс» туындылары өз оқырмандарының көңілінен шыққан дүниелер» /Әбдеш Қалмырзаев/.

**Сабақтың түрі:** Әдеби талдау, диалогтік алаң

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** іздендіру, проблема шешу, сұрақ-жауап, талдау, пікір қорғау, дәлелдер.

**Дидактикалық материалдар:** Еңбектері. Ұясынан безген құс. Роман. А., «Жазушы», 1983.

#### **14 - тақырып: «Кім тапқыр?»**

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.** Оқушыларды зияткерлік ойындарына жұмылдыру. Алдын-ала берілген туындылар бойынша интеллектуальдық ойын, сұрақтар дайындау, сол бойынша жеңімпазды анықтау.

**Сабақтың түрі:** «Сайыс» сабағы

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** іздендіру, сұрақ-жауап, ұтқырлық, білімділік.

**Дидактикалық материалдар:** Шығармалар жинағы. Кемел Тоқаев, бес томдық таңдамалы шығармалар жинағы, Алматы қаласы, «Ана тілі» баспасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, 2008-2010 жылдар.

#### **15-17 - тақырып: Қазақ әдебиетіндегі алғашқы детективтік шығарма-«Соңғы соққы» романы**

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.** Бұл романда совет чекистерінің жиырмасыншы жылдардағы ішкі және сыртқы жаулармен күрестегі ерлік істері сипатталады. Туындының негізгі кейіпкері – белгілі совет чекісі Қасымхан Чанышев. Оқушы қауым мұнда М.В.Фрунзе, Дм. Фурманов, О.Жандосов, Б.Шагабутдинов сияқты революционерлемен жүздеседі.

Шығарманың тілі жатық, оқиғасы тартымды, қызғылықты оқылады

Кемел Тоқаев оқиғаларды ойдан шығарып, жасанды тартыс құрып, шығарма жазған емес. Ол көңілін тербеген көркем туындысын мына қылмыс әлемі мен жықпыл қатпары көп жымысқы қоғамның тұңғиық сырына жіті үңіліп, сезіп-түйсінгенін жүрегінен өткізіп барып, өркештеніп отырып жазады. /Рафаэль Ниязбек/

**Сабақтың түрі:** Модель қорғау іздендіру сабағы

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, мінездеме, салыстыру, іздендіру, үндестігін табу, әдеби талдау.

**Дидактикалық материалдар:** Ғылыми еңбектер, мақалалар, естеліктер. Соңғы соққы. Роман. А., «Жазушы», 1981;

#### **18 - тақырып: Шығармашылық жұмыс «Жауынгерге хат»**

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.** Шығармашылық қиял, ойларына, сыни көзқарастарына ерік бере отырып, жазба жұмысын орындайды. Хат жазу – шығармашылық жұмыстың бір қыры.

**Сабақтың түрі:** Сырласу сабағы

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** эссе жазу, ой толғау, пікірлесу, даналық ойлар

**Дидактикалық материалдар:** Газет-журнал, баспа материалдары.

**19-21 - тақырып: «Қыс қарлығашы» повесть «Кейіпкерлер сөйлейді...»**

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.**

...оның қаламынан туған қай шығармасынан да тұтас бір дәуірдің шындығы сахараның жусанды жотасындай білемденіп көрініп жатады. Сөйтіп оқушы жүрегіне сара жол тауып, қолдан қолға өтіп, ел аралап кете барады.  
/Рафаэль Ниязбек/

«Қызыл комиссар», «Қылмыскер кім?», «Сиқырлы сырлар» пьесаларының, «Қыс қарлығаштары», «Болашақ туралы ойлар», «Түнде атылған оқ» повестері мен «Ұясынан безген құс», «Соңғы соққы», «Солдат соғысқа кетті» іспетті басқа да романдары қазақ және орыс тілдерінде басылып шықты

**Сабақтың түрі:** Жобалап оқыту /КЖТ конструкциялық жобалау технологиясы

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** жобалау, ой тастау, сұрақ-жауап, дәлелдеу, зерттеу

**Дидактикалық материалдар:** шығармалар жинағы Қыс қарлығашы. Повесть. А., ҚМКӘБ, 1958;

**22-23- тақырып: «Жұлдызды жорық» әңгімелері**

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.**

«Кемел Тоқаев — қазақ жазушыларының ішіндегі оқырманы ең көп қаламгерлердің бірі болды. Өзі таңдап алып, негізін қалаған детективтік жанрда алдына жан салған жоқ», -деп Ә.Нұршайықов жазғандай, қазақ әдебиетінің тарихында бұрын-соңды болмаған детектив жанрының негізін қалап, оны жоғары дәрежеде оқырмандарының сезім пернелеріне жеткізе білген жазушының таланты өз заманында-ақ еліміздің кеңістігінен асып, әлем жұртшылығын да мойындатқаны шындық.

**Сабақтың түрі:** Модель қорғау КЖТ

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** түсіндірмелі әдіс, іздендіру, салыстыру, дәлелдеулер, зерттеушілік әңгіме, ой толғау, сұрақ-жауап.

**Дидактикалық материалдар:** Жұлдызды жорық. Әңгімелер. А., ҚМКӘБ, 1954;

**24- тақырып: «Ұлылар үндестігі» практикалық жұмыс**

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.** Қаламгердің туындысын оқыған сәттен алған әсерлері бойынша диалог алаңында ойларын, пікірлерін жеткізу. Шығармашылық қиял, ойларына, сыни көзқарастарына ерік беру.

Қаламгер туындыларын өзге туындылармен салыстыру, үндестігін табу.

**Сабақтың түрі:** Даналық сабағы

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** эссе жазу, ой толғау, пікірлесу, даналық ойлар

**Дидактикалық материалдар:** Газет-журнал, баспа материалдары.

**25-27- тақырып: «Болашақ туралы ойлар» повестер мен әңгімелер  
Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.**

«Кемел Тоқаев — қазақтың бәрін дос көруге әрекеттенген адам.

... Пьесаны қайта жазуға тура келді. Тың деректерді қайдан аларымды білмей қиналып жүргенімде асыл аға қол ұшын берді.

Сол бір кезде «Қазақстан» баспасы оның орыс тіліндегі кітабын

500 000 данамен басып шығарды! Керемет таралым!» /Баққожа Мұқай/

**Сабақтың түрі:** Зерттеу сабағы.

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** түсіндірмелі әдіс, іздендіру, салыстыру, дәлелдеулер, зерттеушілік әңгіме, ой толғау, сұрақ-жауап.

**Дидактикалық материалдар:** шығармалар жинағы Болашақ туралы ойлар.

Повестер мен әңгімелер. А., «Қазақстан», 1955, 1958, 1972, 1975;

**28- тақырып: «Ойлы қалам» шығармашылық жұмыс**

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.**

Өз ойларын, көзқарастарын эссе арқылы дәлелді жазу. Шығармашылық қиял, ойларына, сыни көзқарастарына ерік беру.

**Сабақтың түрі:** Еске алу сабағы

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** естелік жазу, ой қорыту, ой тастау.

**Дидактикалық материалдар:** Шығармалар жинағы

**29- тақырып: «Кемел Тоқаевтің қазақ әдебиетінде қалдырған ізі»**

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.**

Ерлігі мен қаламгерлігін егіз ұстанған жазушының қаламынан майданды жылдар соғыс тақырыбына бірнеше сүбелі шығармалар жазылды. «Кемел Тоқаев – өзі өмір сүрген қоғамның қасіреті болған жат тірлікті шытырман оқиғаларға желі етіп, сабақ алар, салмақты мұра қалдырған дарын иесі еді. «Өмірде ұзақ жылдар ізденіп жүріп әдебиеттен өзін жаңылыспай тапқан, тек өзіне ғана тән оңтайлы өнерлігімен талай құнды кітаптарды дүниеге келтірген Кемел Тоқаевты туған халқы терең махаббатпен еске алады. Рухани ізгі екінші ғұмыр деген әне сол!» Мұзафар Әлімбаев.

Өз ойларын, көзқарастарын ғылыми еңбектерге, мақалалар мен естеліктерге сүйене отырып, ғылыми жоба, ғылыми реферат, эссе арқылы жеткізу. Шығармашылық қиял, ойларына, сыни көзқарастарына ерік беру.

**Сабақтың түрі:** ғылыми кеңес сабағы

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** естелік жазу, ой қорыту, ой тастау.

**Дидактикалық материалдар:** Шығармалар жинағы

**30- тақырып: «Көркем сөздің хас шебері» шығармашылық жұмыс**  
**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.** Өз ойларын, көзқарастарын эссе арқылы дәлелді жазу. Шығармашылық қиял, ойларына, сыни көзқарастарына ерік беру.

**Сабақтың түрі:** Даналық сабағы

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** эссе жазу, ой толғау, пікірлесу, даналық ойлар

**Дидактикалық материалдар:** Газет-журнал, баспа материалдары.

**31-32- тақырып: Кемел Тоқаев мұрасы ХХІ ғасырда...**

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.** Бүгінгі жас ұрпақты рухани тазалыққа, көркем әдебиетке, сөз өнеріне баулуда жазушының артына қалдырған мол мұрасының маңызы зор.

«Кемел Тоқаев – даңққа бөленген солдат, қаламы жүйрік жазушы. Рухани асыл қазынамызда оның да мол үлесі бар» /Ш.Елеуқенов/

«Кемелдің үлкен жүректі азамат, шынайы талант иесі екенін украиналықтар да мойындаған болатын.

Сонау сұрапыл жылдардағы әдебиет майданының жауынгері, одан кейінгі жылдардағы әдебиет майданының майталман өкілдерінің бірі –Кемел Тоқай жазушылық кемел шағында дүниеден өтіп еді.

Оның қалдырған мол мұралары әдебиетіміздің телегей-теңіз шалқарына қосылған рухани байлық екені даусыз» (Қасым Қайсенов. Халық қаһарманы)

**Сабақтың түрі:** Диалогтік алаң

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, пікірлесу, зерттеушілік әңгіме, естелік жазу, ой қорыту, бағалау.

**Дидактикалық материалдар:** Шығармалар жинағы, Газет-журнал, баспа материалдары.

**33-34- тақырып: Практикалық сабақ «Кемел Тоқай туындылары – ұлттық құндылығымыз»**

**Тақырыптың қысқаша сипаттамасы.**

«Кемел Тоқаев – өзі өмір сүрген қоғамның қасіреті болған жат тірлікті шытырман оқиғаларға желі етіп, сабақ алар, салмақты мұра қалдырған дарын иесі еді. Оның қаламынан туған еңбектерінде отаншылдық рух, ұлттық патриотизм тайға таңба басқандай көрініп тұратын», -деп Мәткерім Әкімжанов жазғандай, сұрапыл тарихымызды, Ұлы Отан соғысы жылдардағы жауынгерлердің ерен ерліктерін шынайылықпен суреттеген жазушының шығармалары - халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы.

**Сабақтың түрі:** Идеялар презентациясы

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, пікірлесу, зерттеушілік әңгіме, естелік жазу, ой қорыту, бағалау.

**Дидактикалық материалдар:** Шығармалар жинағы.



### Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Токаев К. Шығармалары: (повестер мен әңгімелер)-Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2018ж.
2. Назарбаев Н.Ә. (Қазақстан халқына жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан/ Назарбаев Н.Ә// Ақиқат,2007.-№1.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық, НЗМ, 2016ж.
4. Рафаэль Ниязбек. Қазақ детективінің атасы - Кемел Тоқаев//Егемен Қазақстан, 2 қазан, 2018ж.
5. Кемел Тоқаев, «Тәуелсіздік туы астында. Қазақстанның сыртқы саясаты туралы очерктер», Алматы қаласы, «Білім баспасы, 1997 жыл.
6. «Азамат. Кемел Тоқаев. Өмірі мен қызметі», Алматы қаласы, 2003 жыл.
7. Қасым-Жомарт Тоқаев, «Преодоление: дипломатические очерки», 2003 год.
8. «Қазақстан жазушылары XX ғасыр», анықтамалық, Алматы қаласы, «Ана тілі» баспасы, 2004 жыл.
9. «Қазақ әдебиеті», энциклопедиялық анықтамалық, Алматы қаласы, «Аруна Ltd» баспасы, 2005 жыл.
- 10.«Қазақ әдебиетінің тарихы., кеңес дәуірі (1956-1990 жылдар)», он томдық, тоғызыншы том, Алматы қаласы, 2005 жыл.
- 11.Қасым-Жомарт Тоқаев, «Свет и тень», город Алматы, 2007 год.
- 12.Қасым-Жомарт Тоқаев, первый том, «Очерки дипломата», книга первая, «Преодоление», город Алматы, издательство «Жибек жолы», 2007 год.
- 13.Қасым-Жомарт Тоқаев, том второй, «Очерки дипломата», книга вторая, «Под стягом Независимости», город Алматы, издательство «Жибек жолы», 2007 год.
- 14.Қасым-Жомарт Тоқаев, том третий, «Векторы внешней политики», книга первая, «Восточное направление» (девяностые годы XX века), город Алматы, издательство «Жибек жолы», 2008 год.
- 15.Кемел Тоқаев, бес томдық таңдамалы шығармалар жинағы, Алматы қаласы, «Ана тілі» баспасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, 2008-2010 жылдар.
- 16.«Қазақстан жазушылары», анықтамалық, Алматы қаласы, «Ан Арыс» баспасы, 2009 жыл.
17. К. Сәттібайұлы «Жауынгер, жазушы Кемел Тоқаев», «Алтын алаш» газеті 1995 ж;
18. **Аханбайқызы А.** «Әдебиеттің кемел тұлғасы», Алматы «Егемен Қазақстан» 25.09.2018ж;
19. Қасым-Жомарт Тоқаев «Әке туралы ой - толғау», Алматы, 2018ж;
20. С. Досанов «Әлемдік деңгейдегі саяси қайраткер», Алматы «Алаш үні», 07.05.2019ж.
21. Қ. Қарамандаев «Кемел десе, кемел еді», Алматы, «Түркістан», 2018ж.;
22. Ж. Дәуренбеков «Кемел Тоқаев шығармалары» 1-5 том, Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2017 ж.
23. Азамат. Кемел Тоқаев. Өмірі мен қызметі», Алматы қаласы, 2003 жыл.